

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 13 мамырда № 110 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 маусымда № 3559 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 186 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 21.07.2015 № 186 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттері бекітілсін:

1) "Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру";

2) "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. М. М ә к е н г е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О б л ы с ә к і м і н і н

міндетін атқарушы

С. Шапкенов

**"Спорт шеберіне кандидат,
бірінші спорттық разряд, біліктілігі
жоғары және орта деңгейдегі бірінші
санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары
деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы,
біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі
бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты
спорт төрешісі спорттық разрядтары мен
санаттарын беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. "Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 118 "Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, жергілікті атқарушы органдар дене шынықтыру және спорт саласында көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" қаулысымен бекітілген "Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - стандарт) сәйкес көрсетіледі.

2. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтырының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО) арқылы жүзеге асырылады.

ХҚО-ның жұмыс кестесі – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден сенбіге дейін үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық кезек" тәртібімен көрсетіледі, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық кезекті б р о н д а у ғ а б о л а д ы .

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – спорттық разряд беру туралы, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру туралы, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

5. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Көрсетілетін қызметті алушының не оның сенімхат бойынша өкілінің стандарттың 9-тармағында қарастырылған мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттарды қоса мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі өтінішінің болуы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

Көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы тіркелген жері бойынша ХҚО - ға жүгінеді.

1) ХҚО-ның қызметкері 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде почта, не курьерлік қызмет арқылы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды жібереді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушының өтінішін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушының қағаз тасығыштағы құжаттар пакеті түскен күні көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарау үшін жолдайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде өтініштің және оған қоса берілген құжаттардың талаптарға сәйкестігін қарайды

және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттар пакетін спорттық разрядтар мен санаттар беру жөніндегі біліктілік Комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) отырысына дайындауды және қалыптастыруды жүзеге асырады ;

5) Комиссия көрсетілетін қызметті алушының өтінішіне қоса берілген құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қарау қорытындысы бойынша 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде Комиссия отырысының хаттамасын бекітеді ;

6) Комиссия отырысының қорытындысы бойынша спорттық разрядтар мен санаттарды беру туралы бұйрықты дайындау, қол қою және тіркеу 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады;

7) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде спорттық разрядты беру туралы, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру туралы, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді дайындайды;

8) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысымен көрсетілетін қызметтің нәтижесі ХҚО-ға 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде жіберіледі;

9) ХҚО-ның қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға спорттық разрядты беру, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді немесе спорттық разрядтар мен санаттар беру туралы бұйрықтың көшірмесін береді.

8. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижелері:

1) кіріс нөмірі бар тіркелген сауал;

2) ұсынылған құжаттардың толықтығы;

3) Комиссияның қарау нәтижелері бойынша шешімдері;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысының спорттық разряд немесе санат беру бойынша бұйрығына қол қоюы;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз тасығышта жіберу.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінің қызметкері;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;
- 4) К о м и с с и я .

10. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өту блок-схемасы «Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің (бұдан әрі-регламент) 1-қосымшасымен сүйемелденеді.

Ескерту. 10 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 25.11.2014 № 314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

11. ХҚО-ға және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілерге жүгіну тәртібін, көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу ұзақтығын сипаттау:

ХҚО-да көрсетілетін қызметті алушының сұрауын өңдеу ұзақтығы – 15 м и н у т .

1) көрсетілетін қызметті алушы стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттар пакетін ХҚО ұсынады;

2) ХҚО қызметкері көрсетілетін қызметті алушы немесе оның сенімхат бойынша өкілі тұлғасының жеке басын сәйкестендіруді жүргізеді және стандарттың 9 тармағында қарастырылған құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттар пакетінің толықтығын тексереді, өтініштерді тіркейді.

ХҚО арқылы құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға мыналар көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі :

сұраудың қабылданған күні мен нөмірі;
сұратылған мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі;
қоса берілген құжаттардың атауы мен саны;
құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;

құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚО қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты ;
көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, көрсетілетін қызметті алушы өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары .

12. Көрсетілетін қызметті алушы стандартпен қарастырылған тізбеге сәйкес толық емес құжаттар пакетін ұсынған жағдайда, ХҚО қызметкері өтініш қабылдаудан бас тартады және стандарттың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

13. ХҚО-да дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға оның қызметкері қолхат негізінде, жеке басын куәландыратын құжатын және сенімхатты (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде береді.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану стандарттың 3 бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары) мен өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. Қаулы 15 - тармақпен толықтырылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 25.11.2014 № 314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Спорт	шеберіне	кандидат,	бірінші
спорттық	разряд,	біліктілігі	жоғары
және орта	деңгейдегі	бірінші	санатты
жаттықтырушы,		біліктілігі	жоғары
деңгейдегі		бірінші	санатты
нұсқаушы-спортшы,		біліктілігі	жоғары
және орта	деңгейдегі	бірінші	санатты
әдіскер,	бірінші	санатты	спорт
төрешісі"	спорттық	разрядтары	мен
санаттарын	беру"		мемлекеттік
көрсетілетін			қызмет

регламентіне

қосымша 1

Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өтуі блок-схемасы




Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 25.11.2014 № 314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентіне қосымша 2

"Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі

бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Ескерту. Қаулы 2 қосымшамен толықтырылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 25.11.2014 № 314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2014 жылғы 13 мамырдағы № 110
Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
қаулысымен бекітілген

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі

екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 118 "Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, жергілікті атқарушы органдар дене шынықтыру және спорт саласында көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" қаулысымен бекітілген "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - стандарт) сәйкес көрсетіледі.

2. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтырының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО) арқылы жүзеге асырылады.

ХҚО-ның жұмыс кестесі – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден сенбіге дейін үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық кезек" тәртібімен

көрсетіледі, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық кезекті
б р о н д а у ғ а б о л а д ы .

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – спорттық разряд беру туралы, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру туралы, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

5. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Көрсетілетін қызметті алушының не оның сенімхат бойынша өкілінің стандарттың 9-тармағында қарастырылған мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттарды қоса мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі өтінішінің болуы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

Көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы тіркелген жері бойынша ХҚО - ға жүгінеді.

1) ХҚО-ның қызметкері 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде почта, не курьерлік қызмет арқылы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды жібереді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушының өтінішін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушының қағаз тасығыштағы құжаттар пакеті түскен күні көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарау үшін жолдайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде өтініштің және оған қоса берілген құжаттардың талаптарға сәйкестігін қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттар пакетін спорттық разрядтар мен санаттар беру жөніндегі біліктілік Комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) отырысына дайындауды және қалыптастыруды жүзеге асырады;

5) Комиссия көрсетілетін қызметті алушының өтінішіне қоса берілген

құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қарау қорытындысы бойынша 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде Комиссия отырысының х а т т а м а с ы н б е к і т е д і ;

6) Комиссия отырысының қорытындысы бойынша спорттық разрядтар мен санаттарды беру туралы бұйрықты дайындау, қол қою және тіркеу 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады;

7) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде спорттық разрядты беру туралы, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру туралы, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді дайындайды;

8) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысымен көрсетілетін қызметтің нәтижесі ХҚО-ға 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде жіберіледі.

9) ХҚО-ның қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға спорттық разрядты беру, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді немесе спорттық разрядтар мен санаттар беру туралы бұйрықтың көшірмесін береді.

8. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижелері:

- 1) кіріс нөмірі бар тіркелген сауал;
- 2) ұсынылған құжаттардың толықтығы;
- 3) Комиссияның қарау нәтижелері бойынша шешімдері;
- 4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысының спорттық разряд немесе санат беру бойынша бұйрығына қол қоюы;
- 5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз тасығышта жіберу.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінің қызметкері;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;
- 4) К о м и с с и я .

10. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өту блок-схемасы осы "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта

деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің (бұдан әрі-регламент) 1-қосымшасымен сүйемелденеді.

Ескерту. 10 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 25.11.2014 № 314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

11. ХҚО-ға және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілерге жүгіну тәртібін, көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу ұзақтығын сипаттау:

ХҚО-да көрсетілетін қызметті алушының сұрауын өңдеу ұзақтығы – 15 м и н у т .

1) көрсетілетін қызметті алушы стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттар пакетін ХҚО ұсынады;

2) ХҚО қызметкері көрсетілетін қызметті алушы немесе оның сенімхат бойынша өкілі тұлғасының жеке басын сәйкестендіруді жүргізеді және стандарттың 9 тармағында қарастырылған құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттар пакетінің толықтығын тексереді, өтініштерді тіркейді.

ХҚО арқылы құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға мыналар көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі:

сұраудың қабылданған күні мен нөмірі;
сұратылған мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі;
қоса берілген құжаттардың атауы мен саны;
құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;
құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚО қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, көрсетілетін қызметті алушы өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары.

12. Көрсетілетін қызметті алушы стандартпен қарастырылған тізбеге сәйкес толық емес құжаттар пакетін ұсынған жағдайда, ХҚО қызметкері өтініш

қабылдаудан бас тартады және стандарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

13. ХҚО-да дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға оның қызметкері қолхат негізінде, жеке басын куәландыратын құжатын және сенімхатты (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде береді.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану Стандарттың 3 бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары) мен өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. Қаулы 15 - тармақпен толықтырылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 25.11.2014 № 314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша 1

Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өтуі блок-схемасы




Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 25.11.2014 № 314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша 2

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары

**мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің
 бизнес-процестерінің
 анықтамалығы**



Ескерту. Қаулы 2 қосымшамен толықтырылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 25.11.2014 № 314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).